

**«Достық сабағы»
республикалық интернет-байқауды қашықтықтан өткізу ережелері**

1. Жалпы ережелер

1. Мектепке дейінгі, жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіби білім беру ұйымдарының педагогтері арасында арасында қашықтықтан өткізілетін «Достық сабағы» республикалық интернет-байқауының (бұдан әрі - Байқау) ережелері оның мақсатын, міндеттерін және тәртібін анықтайды.

2. Мақсаты: толеранттық қарым-қатынас және этномәдени құндылықтарға деген құрмет саласындағы педагогикалық тәжірибені анықтау, халықтар тарихы мен мәдениеті туралы білім мен түсінік деңгейін арттыру.

3. Міндеттері:

Қазақстан Республикасында мекен ететін халықтардың түрлі мәдениеттерімен таныстыру, білім беру ортасындағы толеранттық деңгейді арттыру;

тәрбиелеудің интерактивті әдістерін пайдаланып сабақтан тыс іс-шараларды өткізу бойынша педагогикалық тәжірибені тарату;

балалар ортасындағы ұлттық тұрғыдан экстремизмнің пайда болуының алдын-алу.

4. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

5. Байқаудың ұйымдастырушылары әділ қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетінің құрамын қалыптастырады.

2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі

6. Байқау жұмыстары электронды түрде **2017 жылғы 3 наурыздан 28 сәуірге дейін konkurs.online@mail.ru** электронды поштасына қабылданады.

2017 жылғы 28 сәуірден кейін түскен, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды. Байқаудың қорытындысы, жеңімпаздардың дипломдары, қатысушылардың сертификаттары, жеңімпаздың жетекшілеріне алғыс хаттар **2017 жылғы 12 мамыр www.ziyatker.org** сайтында орналастырылады.

7. Байқауға ұсынылған жұмыстар қайтарылмайды. Байқауды ұйымдастырушылар авторға сілтеме жасай отырып, байқау материалдарын БАҚ-та жариялауға құқылы. Қатысушыларға сараптамалық қорытынды мен пікірлер берілмейді.

8. Байқауға қатысу үшін әр жұмысқа: **3000 (үш мың)** төлемақы төленеді.

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі:

Алушы: «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК (резидент).

БанкЦентрКредит АҚ

Иик KZ918560000005068448

БИК КСJBKZKX

БИН 990140004733

Кбе 16.

КНП – 859.

Төлемақының мақсаты: «**Достық сабағы**» байқауы. Байқауға қатысушының (жіберуші) фамилиясын міндетті түрде көрсету қажет.

Байқауға қатысу үшін konkurs.online@mail.ru электронды поштасына келесі құжаттар жіберілуі тиіс:

- 1) қосымшаға сәйкес толтырылған өтінім;
- 2) сканерден өткізген төлемақы құжаты немесе төлем тапсырмасы;
- 3) электронды түрдегі байқау жұмысы.

3. Байқау талаптары

9. Байқауға мектепке дейінгі, жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіби білім беру ұйымдарының педагогтері қатысады.

10. Байқауға «Сыныптан тыс іс-шаралардың сценарийі» номинациясы бойынша (сыныптан тыс іс-шаралардың бейнежазбасы) теориялық және практикалық материалдары бар әдістер мен жұмыс тәсілдерін қамтитын авторлық идеялары бар жұмыстар қабылданады. Бейнесабактың оқыту, тәрбиелеу және дамыту мәні болуы тиіс. Бейнесабактың ұзақтығы: 15 минуттан аспауы тиіс. Электрондық нұсқасы Мpeg-4 түрінде, avi үлгісінде, 1 gb ең жоғары мөлшерде берілуі тиіс. Визуалды жеткізудің әртүрлі тәсілдері – түсірілім, анимация және компьютерлік графика құпталады. Бейнесабактың мақсаты, міндеті көрсетіледі. Бейнесабактың сценарийі қоса беріледі, мәтіндік сипаттамасы Word редакторында ресімделеді. Бір тақырыпқа бірнеше сериялар дайындалуы мүмкін.

11. *Байқау жұмыстарын бағалау өлшемдері:*

- 1) мәлімделген номинацияға сәйкестігі;
- 2) оқу материалының мазмұны: қол жетімділігі, өзектілігі, мәселенің ашылуы, ғылымилығы мен материалдың қолжетімдігі;
- 3) таңдалған әдістердің, құралдардың бейнесабактың мақсатына және міндетіне сәйкестігі;
- 4) бейнесабак сценарийінің құрылымы мен мазмұны;
- 5) педагогикалық технологиялар мен интерактивті әдістерді қолдануы;
- 6) бағдарламалық талаптарды іске асыру дәрежесі;
- 7) дыбыстық-бейне технологияларын қолдануы;

8) сабақтарды жүргізу шеберліктері;

9) жұмысты ресімдеу мәдениеті;

10) дыбыстық-бейнелік сүйемелдеу сапасы.

12. Байқауда бір қатысушы бір немесе бірнеше номинацияға қатыса алады. Әр қатысушыдан әр номинацияға бір жұмыс қабылданады. Әр номинацияға жеке жұмыс ретінде бөлек ақша төленеді.

13. Байқау жұмысының титул парағында келесілер көрсетіледі:

облысы, аудан (қала), ауылы;

білім беру ұйымының аталуы;

байқау және номинациясының аталуы;

автордың аты-жөні;

қатысушының жасы;

e-mail, байланыс телефондары;

білім алушы жетекшісінің аты-жөні.

14. Бөгде адамдардың материалдарын және Интернет желісінен алынған материалдарды пайдалануға тыйым салынады. Байқау жұмыстары бұрын басқа сайтта жарияланбаған болуы тиіс.

4.Байқауды қорытындылау

15. Байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды.

16.Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежедегі дипломдармен марапатталады, орын алмаған қатысушыларға сертификаттар, жеңімпаздардың жетекшілеріне алғыс хаттар беріледі.

Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, қатысушыларға сертификаттардың, жеңімпаздардың жетекшілеріне алғыс хаттардың электронды нұсқалары www.ziyatker.org сайтында мына сілтеме бойынша <http://www.ziyatker.org/#!/-/c10hg> жүктеп алу мүмкіндігімен орналастырылады.

Дипломдарды, сертификаттарды, алғыс хаттарды жүктеп алудың нұсқасы: www.ziyatker.org → Бастапқы бет → Республикалық іс-шаралар → «Достық сабағы» байқауы → әрі қарай.

Анықтама телефоны: 7 (7172) 249 303 («Достық сабағы» байқауы).

1 қосымша

Байқауға қатысушы туралы мәлімет

Қатысушының аты-жөні	Жасы	Мекенжайы	Білім беру ұйымның атауы (ҚММ, ММ, КМҚМ), жасы	Байқаудың аталуы, номинациясы	Байланыс телефоны	Жетекшісінің аты-жөні (жұмыс орын, лауазымы, эл. поштасы)
1	2	3	4	5	6	7

2 қосымша

Титул парағын толтыру үлгісі

«Достық сабағы» республикалық интернет- байқауы

Номинация:

Тақырыбы:

Жұмыстың авторы:

Білім беру ұйымының мекенжайы: Павлодар облысы, Шарбақты ауданы, Шарбақты ауылы, №1 орта мектебі (қазақ және орыс тілдерінде)

2017 ж.